

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы»

МҚКК басшысы

С. Дауешова

« 5 » 2023ж.

САРАПТАМА КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; «Педагог мәртебесі» туралы Заңы.

1.2. Сараптамалық кеңес (бұдан әрі - СК) - инновациялық педагогикалық тәжірибені сараптау үшін Астана қаласының әкімдігінің Әдістемелік орталығында қалалық оқу-әдістемелік кеңес (ҚОӘК) жанынан құрылды.

1.3. Инновациялық педагогикалық тәжірибені бағалау- бұл білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметінің нәтижелерін кешенді бағалау.

1.4. СК мүшелері педагогтердің кәсіби қызметінің инновациялық тәжірибесіне бағыт бойынша тәуелсіз сараптама жүргізеді.

1.5. СК отырысы жылына 4 (төрт) рет қыркүйек, қаңтар, наурыз, маусым айларында өткізіледі (жұмыстар Ережеге сәйкес отырысқа 1 (бір) ай қалғанда қабылданады). СК шешімдері хаттама нысанында ресімделеді, ұсынымдық сипатта болады. СК шешімдері отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен (60% - дан астам) қабылданады. СК шешімдері отырыста оның толық құрамының кемінде 60% - ы болған кезде жарамды деп есептеледі. Отырыстың хаттамасын СК төрағасы бекітеді.

2. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Инновациялық педагогикалық тәжірибе материалдарын сараптау, қала деңгейінде білім беру ұйымдарының инновациялық қызметінің тәжірибелік-эксперименттік алаңдарының жұмыс деңгейін бағалау.

2.2. СК міндеттері:

2.1.1. Білім беру ұйымдары педагогтерінің зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша әзірленген материалдары бойынша сараптаманы ұйымдастыру, жүргізу.

2.2.2. Педагогикалық бастаманы оның инновациялылығын, Астана қаласының білім беру ұйымдарында практикалық маңыздылығы мен орындылығын анықтау тұрғысынан зерделеу.

2.2.3. Инновациялық педагогикалық іс-тәжірибе қызметінің аралық және соңғы нәтижелерін сараптау.

3. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ОБЪЕКТІЛЕРІ

3.1. Принциптері:

- 3.1.1. Объективтілік
- 3.1.2. Жариялылық, ашықтық
- 3.1.3. Алқалық
- 3.1.4. Ұтқырлық және орындаушылық.

3.2. Әдістері:

- 3.2.1. Сарпатау
- 3.2.2. Тексеру
- 3.2.3. Талдау
- 3.2.4. Әңгімелесу, сұхбаттасу
- 3.2.5. Жіктеу
- 3.2.6. Салыстыру
- 3.2.7. Жалпылау
- 3.2.8. Үйлесімдеу
- 3.2.9. Жүйелеу
- 3.2.10. Пікір білдіру.

3.3. Сараптама нысандары

3.3.1. Астана қаласының білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық педагогикалық тәжірибесін жинақтау материалдары.

4. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ

4.1. 45 адамнан тұратын СК педагог-ғалымдар, педагог-практиктерді, Әдістемелік орталықтың әдіскерлерін тарта отырып, ҚОӘК мүшелерінің қатарынан құрылады.

4.2. ҚОӘК мүшелері СК мүшелерін, төрағаны, төрағаның орынбасарын және СК хатшысын сайлайды. СК құру туралы ақпарат СК шешімі шыққан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылады.

СК өкілеттігінің мерзімі мен құрамы ҚОӘК шешімімен жылына 1 рет бекітіледі. СК құрамы мен өкілеттік мерзімдеріне, оның ішінде кезектен тыс өзгерістер мен толықтыруларды СК төрағасы енгізеді. СК құрамын жаңа мерзімге бекіту кезінде ротация көзделеді.

4.3. Жұмысты ҚОӘК төрағасы (Әдістемелік орталық басшысы) басқарады.

5. САРАПТАМА КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Төраға мен төрағаның орынбасары СК қызметіне жалпы басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады, сараптама рәсімін және тұтастай алғанда СК жұмысының тәртібін жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. СК

төрағасы немесе СК төрағасының орынбасары басқарады. Төраға, төрағаның орынбасары бір мезгілде болмаған жағдайларда СК отырысы өткізілмейді.

5.2. СК мүшелері педагогтердің инновациялық тәжірибесінің материалдарымен танысады, жұмыстардың мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптарға сәйкестік дәрежесі туралы сараптамалық қорытынды дайындайды. СК мүшелері СК жұмыс отырысында педагогтердің материалдарымен танысып объективтілігін талқылайды, алынған материалдар бойынша сұрақтар тізімін жасап және СК хатшысына жолдайды.

5.3. СК хатшысы СК-ке келіп түскен өтінімдер мен материалдарды (ОӘБ, портфолио) тіркейді, олардың ресімделуін талаптарға сәйкестігін тексереді, СК мүшелеріне сараптама үшін береді, СК мүшелерінің пікірлерінің негізінде хаттама жобасын жасайды, СК отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады.

5.4. СК мүшелері сараптамаға келіп түскен материалдардың ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін дербес жауапты болады. Оларға: құрастырушылар туралы және материалдардың мазмұны туралы мәліметтер; сараптамадан өтудің барлық кезеңдері туралы мәліметтер жатады.

5.5. СК мүшелері сараптама процесінде туындайтын «мүдделер қақтығысы» жағдайлары туралы СК хатшысына уақтылы хабарлауға міндетті (егер сарапшы материалдарды сараптамаға ұсынған білім беру ұйымы басшысының ғылыми жетекшісіне тең авторы болып табылған жағдайда).

СК мүшелерінің көпшілігінің шешімімен келіспеген жағдайда СК мүшесі ерекше пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде жазылуы және СК отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

СК мүшелері СК-ке қосудан бас тартуға құқылы.

5.6. СК мүшелері:

- объективті, толық және шынайы мәліметтерді ұсынады;
- келіп түскен материалды қарауға қатысты деректерді жасыруға жол берілмейді;
- ғылыми этиканы бұзу фактілеріне жауап береді;
- шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан еркін болады;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- қызмет барысында СК басқа мүшелерінің, педагогтардың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін дерекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданылмайды.

5.7. Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда СК мүшесі оның құрамынан шығарылады. СК мүшесін мерзімінен бұрын шығару туралы мәселені СК төрағасы СК мүшесі жұмыс рәсімін жүйелі түрде бұзған, өз функцияларын орындамаған, біліксіздік танытқан, «мүдделер қақтығысы» жағдайында объективтілік танытпаған кезде (егер сарапшы материалдарды сараптамаға ұсынған білім беру ұйымы басшысының ғылыми жетекшісіне тең авторы болып табылған жағдайда) қоя алады.

6. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Педагогтердің материалдары СК отырысына дейін бір ай бұрын (жауаптылар: оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарлары) бар болған жағдайда қабылданады:

6.1. Педагогтің өтініші (1-қосымшаға сәйкес).

6.2. Білім беру ұйымының мөрімен расталған, төраға мен хатшы қол қойған әдістемелік кеңес отырысының хаттамасынан үзінді.

6.3. Электронды нұсқадағы ОӘБ.

6.4. Мәлімделген тақырып/проблема бойынша жарияланымдардың тізімдері және көшірмелері (2-қосымшаға сәйкес).

6.5. Пікірлер (екі пікір – педагогикалық бейіндегі ғалымнан бір пікір; біреуі педагог-шеберден немесе басқа өңірдегі (республикалық деңгейдегі) білім беру ұйымдарының жоғары/бірінші санаттағы педагогінен (қалалық деңгейдегі) (3-қосымшаға сәйкес).

6.6. Материалдың түпнұсқалығын ӘО әдіскерлері тексереді. Егер материалдың түпнұсқалығы 60% кем болса, жұмыс педагогке қайтарылады.

6.7. Ұсынылатын педагогикалық тәжірибенің білім алушылардың білім сапасына әсерін (6-қосымшаға сәйкес) көрсете отырып, кемінде 2 білім беру ұйымында (жылдар бойынша) енгізу актісі;

6.8. Ресімдеу талаптарға сәйкес келмейтін материалдар тіркелмейді және кейін қайтарылады.

СК отырысына бұрын сараптамалық кеңесте, тиісті мәртебедегі жекеменшік ұйымдар және басқа да уәкілетті органдар қараған және ISBN нөмірі бар жұмыстар қабылданбайды және тіркелмейді.

6.2. СК жұмысының рәсімі:

6.2.1. Бірінші кезең – СК мүшелері материалдарына, білім беру ұйымдары педагогтарының портфолиосына сараптама жүргізеді. Бірінші кезеңнің нәтижесі СК мүшелерінің пікірі болып табылады.

6.2.2. Екінші кезең – қорытынды шығару бойынша жұмыс отырысы. Екінші кезеңнің қорытындысы хаттамамен ресімделген отырыстың шешімі және сараптамалық қорытынды болып табылады. СК оң/теріс шешім қабылдаған кезде хатшы хаттаманы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ӘО сайтында орналастырады.

СК теріс шешіміне апелляцияны педагог шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) апта ішінде еркін нысанда береді. Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде апелляциялық комиссия құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3(үш) маман енгізіледі. Жұмыс ұсынылған білім беру ұйымдарының пікір берушілері, тең авторлары, қызметкерлері комиссия мүшелері бола алмайды.